

Қазығұрт ауданы
«Аққу» бобекжай бақшасы

Бекіткен
6/бақша
Г.Т.Ибра



Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл».



Ортанғы: «Балбөбек» тобы
Тәрбиешілер: Өсенова .А
Юсупова .Т

29.12.2023

Залдың ортасында жасыл шырша алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген.
«Балбөбек» тобы әсем әуенмен қол ұстасып залға кіріп келеді.

Жүр: Төгіліп көк жүзінен ақшақарды,
Ақ көрпе жапты бүгін бақшаларды.
Мен келдім есіктерді ашындар деп,
Жаңа жыл күллі әлемге жар салады.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлей алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн,
Әр қанатта кең алқапқа тарайды.

Күр: Армысыздар құрметті ата-аналар, мейрімді әжелер, ұжымдастар және
балдан тәтті балалар. Сіздерді жаңа жыл мерекесімен құттықтауға рұқсат
тіңіздер. Өмірлеріңізге шаттық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ынтымақ
ірлік тілейміз!

Қош келдің Жаңа жыл» атты ерттеңгілігімізді тамашалауға шақырамыз.

Күр: Құтты болсын жаңа жыл мерекеніз,
Арта берсін жақсылық берекеніз.
Жаңа жылда жаңа бақыт жаңа нұрға,
Толы болсын әр дайым керегеніз.

Залға қорқақ қоян кіреді)

Қоян: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен орманнан қашып келе жатырмын.
Гер мені Түлкі сұраса көрмедім деп айтындаршы өтініш. Балалар, мен
ендермен Жаңа жыл мерекесіне қатыссам болама?

алалар: Ия қоян бізбен бірге бол.

Сүр: Тамаша тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

алалардың шыршамызға арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

антөре: Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіп тұр.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

ікөркем: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күткен сағынған.

ылым: Жасыл шырша төрдегі,
Дейді бәрін көр мені.
Кеткен әсем құлпырып,

ымбат: Аяз ата тез тез кел,
Ақшақарды ерте кел.
Келмесеңіз болмайды,
Мына шырша жанбайды.

Күр: Қарандаршы балалар бізге қонақ келе жатыр екен. Бұл кім екен?

Балалар: Бұл сайқымазақ.

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Шырша тойын тойлап жатырсыңдар ма? Аяз атадан мен де сыйлық алғым келеді. Ал бірақ та оны беретін Аяз ата жоқ ғой! Қанекей бәріміз Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!

Залға қасқыр кіреді)

Қасқыр: У-У-У аааа мұнда не болып жатыр?

Сендер жаңа жыл мерекесін менсіз тойлап жатырсыңдар ма?

Ал сендер мені неге Жаңа жыл мерекесіне шақырмапсыңдар. Сендерге ренжідім. Індеше сендердің сыйлықтарыңды алып қашып кетемін.

Сайқымазақ: Жо-жоқ олай жасама. Балалардың сыйлығына тие көрме, данда біз саған Жаңа жылға арналған әнімізді айтып береміз.

Қасқыр: Егер маған ұнаса сыйлықты алып кетпеймін!

Күр: Әкелсін жыл ырыс-құт,
Жырдан шашу төгілді.
Ән салайық жаңаша,
Жаңа жылым тамаша. Шыршамызға арнаған әнімізді бірге

айтайық.

Кор: «Шырша» әні

Күр: Қане Қасқыр біздің балалардың әні саған ұнады ма?

Қасқыр: Ия қатты ұнады. Балалар мені кешіріңдер! Мен мерекеге атысуыма бола ма?

Балалар: Ия

Сайқымазақ: Қанекей бәріміз Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!

Балалар: Аяз ата, Ақшақар!

Аяз ата: Ау амансыңдар ма ұлдарым,
Амансыңдар ма қыздарым.
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың.
Асулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан.
Аталарың сендерге,
Шаршап келді алыстан.

Құтты болсын балалар,
Келген Жаңа жылдарың.
Аландамай өсіндер,
Еркелеп қыз ұлдарың.

Өткен жылы келіп ем,
Бәріңді де көріп ем.
Жыл өткізіп келем деп,
Уәдемді беріп ем.
Ойларың мен бойларың да,
Бірдей өсіп қалдыңдарма.
Ал мен кіммін айтыңдаршы,
Мені таный алдыңдарма.

Сүр: Қош келдіңіз Аяз ата, Ақшақар амансыздарма ? Төрлетіңіздер!
Сыйлы қонағымыз болыңыздар!
Аяз ата Ақшақар біздің бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалаңыздар!

Ақшақар: Қарандаршы қандай әсем шыршамыз бар. Алуан түрлі
ойыншықтар мен әрленген.
Ірақ біздің шыршамыз жанбай тұр. Кәнекей барлығымыз шыршамызға
қырлы сөзімізді айтып шырша шамын жағайық.

Балалар: Қуант бізді таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат.

Ақшақар: Ал келіндер келіндер,
Такпақ айтып беріндер.
Жомарт Аяз атадан,
Сыйлық алып көріндер!

Сүр: Балалар Аяз атаға арнаған такпақтарын айтуға шақырымыз.
Ирина: Келді міне жаңа жыл,
Қарсы алайық бәріміз.
Күліп ойнап би билеп,
Ән салайық бәріміз.

Дулла: Аяз ата аппақ,
Кәмпиттері тәтті ақ.
Маған кәмпит көп берсең,
Тағы айтамын такпақ.

Мазан: Аппақ тоға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оранды.

Апа: Аяз ата ақсақал
Сыйлықтары мол екен
Айдай арау Ақшақар,
Көмекшісі сол екен.

Ата: Ой бәрекелді балалар такпақтарың маған өте қатты ұнады.

Күр: Қош келдіңіз Аяз ата,
Қарсы аламыз орын беріп.
Ән салыңыз бізбен бірге,
Би билеңіз бізге еріп.

балдарымыздың орындауында «Ақ ұлпа қарлар»биі.

Орындайтындар: Дамир,Алимхан,Рамазан,Альтайр,Әмрежан,Батырхан.
Алина,Анарка,Ақжібек,Муслима,Сымбат,Даяна.

н: Сымбат : «Жаңа жыл»

Күр: Той мереке салтанат,
Думандатты шартарап.
Келді міне Жаңа жыл,
Тартуларын аркалап.-дей отырып, балалардың орындауында

ақпақтар.

Алимхан: Ақ қырауға малынған,
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Әмрежан: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Ақжібек: Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді!
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймыз сіздерді!

Кәусар: Жаңа жыл, жаңа жыл.
Жаңа жылға жаңа жыр!
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр!

Күр: Балалар бізге Ақшақардың жұмбағы бар екен қане мұқият
андайықшы таба аламыз ба?

Балалар : Ия

Ақшақар: Өзі айлакер, өзі бір қу
Жүрген жері айқай да шу

Балалар : Түлкі

Алға мың бұралған түлкі кіреді)

Түлкі: Мен түлкімін түлкімін,
Тұнып тұрған күлкімін.
Ешкім маған жетпейді,
Құлығы асып кетпейді.

Әлеметсіндерме балалар!

Құнда қандай мереке болып жатыр?

Сендердің айтқан әндерің билеген билеріңнің дауысы сонау орманға жетіп жатыр.

Сендер қорқақ қоянды көрмедіңдерме?

Балалар: Жок,жок,көрмедік.

Түлкі: Менің қатты қарным ашты.Мен оны тапсам жеимін.

Сұр: Ой түлкі қоянды жеимін дегенің не,оданда мына біздің Жаңа жыл ерекемізде ән салып би билесең Аяз ата сыйлық беріп жатыр.

Түлкі: Балалар рас айтасындарма?

Балалар: Ия Түлкі бізбен бірге бол.

Сұр: Жаңа жылда жаңаша,

Тақпақ айтамыз.

Болсын риза балаша,

Аппақ атамыз.- дей отырып тақпақтарға кезек берейік.

Алинұр: Жаңа жылмен жаңа жылмен,

Құттықтаймыз әрине.

Әкемізді анамызды,

Қонақтардың бәрінде.

Слава: Сақалының ұзын-ай,

Саудыраған мұзын –ай.

Жарқыраған оттары,

Жаңа жылдың қызығы-ай.

Ауслима: Тамаша сый сыйлап,

Келді аяз атамыз.

Шаттанып қуанып,

Шырқап ән айтамыз.

Манғали: Оралдың өлкеме,

Жаңа жыл армысың.

Оранды ақ көрпеге,

Асқар тау, қарлы шың.

Сұр: Балалар Жаңа жыл болса келіп қалды. Жаңа жыл жарылқасын! Ескі жыл есіркесін- деп ескі жылымыз қоянмен қоштасып алайық. Ал қоян сенімен қоштасар сәт келді.Сенімен бірге жүріп біздің балалар бір жасқа есейді. Сен бізге риза бол,біз саған ризамыз.

Қоян : Бір жыл бойы сендермен,

Бірге жүрдім ойнадым.

Енді міне балалар,

Кезек келді қоштасар.

Сау болындар балалар.

Балалар: Қош бол ескі жыл!

льтайр: Жаңадан тақпақ,
Айтамыз жаттап.
Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл аппақ.

ұр: Жаңа жылды тойлауға,
Дайындалдық баршамыз.
Жігіттер боп ортады,
Би билейді баршасы.

рындайтындар: Ислам, Алинұр, Алтынбек, Қаныбек, Нұрасыл, Аманғали.

ұр: Жаңа жылдық тақпақтарын жалғастырамыз.

урасыл: Бүгін аяз атада,
Дорба толы кәмпит бар.
Біздің шыршамызда да,
Неткен көп ойыншықтар.

аяна: Ән саламыз би билеп,
Жырдан шашу төгілді.
Бүгін біздің жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді.

тынбек: Тамаша тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

тырхан: Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл ала шапаны,
Сағындым аяз атаны.

ұр: Жамылған ақ мамық ұлпа қар,
Нұрланар кең байтақ отаным.
Бала жоқ сыйлықтан құр қалар,
Сыйлығы көп Аяз атаның.-дей отырып балалардың тақпағын
ндайық.

хаммедсадық:

Ескі жылға ризамыз,
Өсе түсті бойымыз.
Қуантып талай сырға біз,
Жарықтады ойымыз.

рым: Келді міне жаңа жыл,
Шаттық сыйлап әр үйге.
Жаңа бақыт жаңа нұр,
Үлкен кіші сәбиге.

Каусар: Жаңа жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынған,
Келді аяз атамыз.

Каусар: Жаңа жыл келгенде,
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз ән саламыз.

үр: Жаңа жылға сәніміз,
Біздің айтар әніміз.
Келдіңбе аман алыстан,
Сәлем Аяз атамыз.

а: Сымбат қызымыздың орындауында
«Жаңа жыл келді»

из ата: Ал балалар, балалар,
Біз бармаған қала бар.
Асқар тау бар бала бар,
Ата бала, ана бар.
Соларға тез жетейік,
Рұқсат болса сіздерге,
Сыйлығымызды тапсырып біз кетейік. Балалардың барлығыда
ерлі екен. Әкелген сыйлығымызды берейін. Рахмет сендерге!
у болыңдар балалар!

үр: Осымен «Қош келдің Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.
Келе жатқан Жаңа жыл игі жақсылықтарымен, ырыс
екесімен, мол қуаныштарымен төрімізден орын алсын. Жаңа жылда жағымды
налықтар мен толағай табыс мол болсын. Отбастарыңызға баянды бақыт пен
с береке келсін!

